

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ

А.К. Медешева,  
ғылыми жетекші Н.Н. Авгамбаева  
Қазақстан, Алматы қ,  
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты біздің сөздік қорымызға «менеджер», «менеджмент» ұғымдары тез енді. Менеджмент сөзін қазақшаға дәл аударатын болсақ, онда «басқа біреу арқылы өз мақсатына жету» болып табылады. Алайда сөзбе-сөз аудару сөздің түпкі төркінін әрқашанда дәл бере бермейді. Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді.

Ағылшын тіліндегі Оксфордт сөздігінде бұл ұғымға мынадай түсінік беріледі:

- 1) адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі, үлгісі;
- 2) билік және басқару өнері;
- 3) шеберліктің ерекше түрі және әкімшілік дағды;
- 4) басқару органы, әкімшілік бөлігі.

«Менеджмент негіздері» курсы бойынша студенттерге арналған американдық оқулықта төмендегідей анықтама берілген: «менеджмент – бұл ұйым мақсаттарына жету үшін адамның материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымдылау пайдалану процесі».

Профессор И.Н. Герчикова менеджментті нарық жағдайындағы фирманың кез-келген шаруашылық қызметінде белгілі бір мақсаттарға материалдық және еңбек ресурстарын ұтымды қолданып және менеджменттің экономикалық механизмінің принциптерін, қызметтерін және әдістерін пайдалана отырып қол жеткізуге бағытталған дербес кәсіби қызметтің түрі деп қарастырады.

Белорусь ғалымы Н.И. Кабушкиннің ойынша менеджмент – бұл адамның еңбегін, мінез-құлық мотивін және ой-өрісін қолдана отырып, жеңе білу, қойылған мақсаттарға жете білу туралы ғылым мен өнер.

Менеджмент саласындағы маман В.Р. Веснин басқару және менеджмент деген түсініктерді ажыратпайды. Менеджмент (мекеме, коммерциялық немесе коммерциялық емес фирмалар мен олардың жекелеген бөлімшелеріне) жетекшілік жасамау.

Біздің ойымызша, бір анықтама екінші анықтаманы дамытады, өйткені олардың бәріне тән ортақ нәрсе – менеджмент – бұл өндірісті басқару принциптерінің, әдістерінің, құралдарының және нышандар жүйесі. Терминологиялық пікір талаптар мен 50-ден астам менеджмент анықтамасының интерпетациясына тоқталмай-ақ, менеджменттің басқару еңбегінің сипаты мен мазмұнын зерттейтін ғылым екендігін атап өту керек. Менеджментке анықтама бермеген О.С. Виханский мен А.И. Наумов дұрыс жасаған.

Біз, менеджментті қолда бар ресурстарды ұтымды қолдану арқылы ұйымның мақсаттарын қалыптастырып, оған қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған білімдер мен кәсіби қызметтің саласы деп қарастырған ғалымдардың көзқарасын қолдаймыз.

Тіпті, білікті басқару саласының өзінде де менеджмент ұғымы түрліше түсіндіріледі. Менеджмент теориясын алғашқы жасаушылардың бірі Ф. Тейлордың пікірінше, менеджмент – ережелер мен принциптерге негізделген шынайы ғылым деп есептеледі. Ф. Тейлор «Халықтың менеджменттік принциптері» еңбегінде кәсіпорынды басқаруды өнер ретінде қарастырып, онда «нені жасауды дәл білу керек

және оны арзан әрі ең жақсы тәсілмен қалай жасауға болатынын» талқылаған. Оған қол жеткізу үшін Ф.Тейлор ойынша төмендегіндей кейбір басқарудың шешімдерін жүзеге асыру қажет: мақсатты таңдау және оған жету жолы, нәтижені талдау бақылаудың тәсілін дайындау. Ф. Тейлор өзінің еңбектерін басқаруды ұйымдастырудың тек кәсіпорын деңгейінде қарастыруға арнады. Осы мектептің жақтаушысы француз ғалымы Анри Файоль (1841-1925 жж.) болған. Ол практикалық тәжірибені жинақтау негізінде төмендегідей қортындыға келген: «басқару - кәсіпорынның ресурстарын барынша пайдаланып, оны мақсатқа жетелеу», сөйтіп алғашқы рет мемлекеттік басқаруда оны ғылыми ұйымдастыру принципін қолданудың мүмкін екендігіне ой туғызды. А. Файоль басқарушылық міндеттерін кәсіпорынның техникалық, қаржылық және басқа мәселелерімен қарағанда ерекше зерттеу обылысы ретінде қолданды. Басқару - бұл өнер сияқты қызметтің бір түрі, немесе өзінің заңдылығына бағынатын ілім. Бұл заңдылық барлық жерде өзінің әсерін тигізеді. Бұл әлеуметтік, психологиялық, нарықтық және т.б. заңдылықтар.

П. Друкердің түсіндіруінше, жоғарыда аталған элементтері бола тұрса да, менеджмент ғылым немесе кәсіптен гөрі практикаға жуықтау. Ол менеджмент ұғымына кең мағынада түсінік беруге қарсы болып, оны іскерлік кәсіпшілікке, былайша айтқанда тауар өндіру мен алуан түрлі экономикалық қызмет көрсетуге жатқызады.

Менеджмент ұғымына Э. Петерсон мен Э. Плоумен кеңірек түсінік берді. Бұлар батыстағы іскерлік әлемге «Бизнес пен менеджментті ұйымдастыру» кітабының авторы ретінде танымал. Олар былай деп жазды: Кең мағынада, әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, менеджмент дегеніміз адамдарға тән үрдістерде топты қалыптастыру нәтижесінде өрістейтін техника немесе тәсіл. Мұндай топтың мысалына, үкіметтегі алуан түрлі клубтарды және іскер кәсіпорындарды жатқызуға болады. Қандай топ болмасын, оның өзінің дербес менеджменті болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда менеджментті тәсілдер жиынтығы ретінде қарастыруға болады әрі сол арқылы белгілі бір адамдар тобының мақсаттары мен міндеттері белгіленеді және айқындалады.

Менеджерлерге басқару-кәсіби қызмет болып табылады. Менеджмент -жүйенің қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге және бар ресурстарымен белгілі жағдайда дамыта отырып, қойылған мақсаттарына жетуге бағыттау. Көбінесе басқарудың көбінде өзіндік мақсаты-өнімді шығару барысын белгілі бір жүйеге келтіре отырып, жетістікке жету мақсатында жұмысшылардың жұмыстарын ұйымдастыру, болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесінде-әрбір медициналық мекеме өзінің емдеу-профилактикалық қызметін атқарады, яғни медициналық тауарларды шығару немесе медициналық көмек көрсету. Сонымен бірге өндірістік процессті басқаруда басты рөл - тауар шығарылып, көмек көрсетіліп жатырма жоқпа оған байланысты емес. Себебі емдеу-профилактикалық мекемені басқару - бұл жаңа медициналық технологиялар мен медициналық көмектің сапасын басқаруды талап етеді. Емдік-диагностикалық процессті бір деңгейде басқару - өзіне емдеуші дәрігер мен онда қызмет көрсететін барлық мамандарды, олардың қызмет ету координациясын, келісіліп қабылдаған шешімдерін, науқастардың салауаттылық көрсеткіштерінің жоғарғы деңгейге жетуіне бағытталған шаралардың шешімін, емдеу, диагностика, реабилитация, профилактиканы жүзеге асыруға бағытталып жасалған жоспарлар бір тәртіпке келтіруді қамтиды.

Менеджмент – бұл адамзаттың оптимизациялық процесстері, яғни ұйымдастыру мақсатына жету үшін материалдық және қаржылық ресурстарды дұрыс қолдана білу.

Оптимизациялау – бұл менеджерлердің тез жоғары нәтижелерге жетуі мақсатында - жүргізетін жұмыстары немесе аукционерлік компаниялардың қол жеткізген жетістіктері.

Менеджмент – бұл өнер. Сондықтанда өнер көп қабілеттілік пен таланты қажет етеді. Менеджерлер өз тәжірибелерінен немесе осы қызметпен айналысып жүрген

басқалардың тәжірибелерінен біледі, бір немесе көп адамдар тобын қалай басқару керектігін. Осыған қарамай кейбіреулер – менеджментті ғылым деп таниды. Менеджмент тез дамып келе жатқан ғылым деп қарауға болады. Соныменен менеджмент – бұл ғылымда, өнерде. Ал ғылым мен өнер бірін-бірі толтырады және демеп отырады. Ғылымда өзін көрсете алмаған дәрігер-тәжірибеде өте жақсы емші-хирург болуы мүмкін. Бір ғана территорияны біліп, тәжірибеде жоғарғы жетістіктерге жету мүмкін емес, оны дер кезінде қолдана білу де керек. Сонымен бұл курстың мақсаты: студенттерді менеджерлік қызметке дайындау, менеджменттің кейбір талаптарын орындауға үйрету. Денсаулық сақтау жүйелерін қазіргі нарықтық экономикалық жағдайда жаңа басқару тәсілін ендіре отырып жоғарғы жетістіктерге жетуге бағыттау.

Денсаулық сақтау басшыларының заманауи менеджменттің әртүрлі аспектілері бойынша теориялық негіздер мен практикалық дағдыларды зерттеп білуі, денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруда әлемдік тәжірибе мен заманауи отандық және шетелдік менеджменттің болашағы мол бағыттарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеп білуі және талдауы және тыңдаушыларды медициналық ұйымның шаруашылық қызметінің негізгі ережелері мен заңдылықтарымен таныстыру осы курстың мақсаты болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Дайан А., Букрель Ф. Академия рынка. Маркетинг, перевод с французского. М.: Экономика, 1993. 282 с.
2. Файоль А., Эмерсон Г., Тейлор Ф., Форд Г. Управление это наука и искусство, М.: Основы маркетинга, 1992. 350 с.
3. Веснин В.Р. Менеджмент негіздері. М.: 1997. 196 с.
4. Герчикова И.Н. Менеджмент: Оқулық; 3-бөлім. М.: Банктер және Биржалар, ЮНИТИ, 1997. 100-190 с.
5. Ахметов К.Ф., Сағындықов Е.Н., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Жұмаев Ж.Ж. Менеджмент негіздері. Ақтөбе Орал, А-Полиграфия, 2005. 519 с.
6. Кабушкин Н.Н. Менеджмент негіздері. Минск, БГЭК., 1996.
7. Виханский О.С., Наумов А.И. Практикум по курсу «Менеджмент» / под ред. А.И. Наумова. М., 1998.
8. Друкер П.Ф. Задачи менеджмента в XXI веке. М.: Вильямс, 2000.
9. Лешинер Р., Разу М., Старостин Ю. Подготовка менеджеров в США (на примере Массачусетского технологического института) // Экономические науки, 1991-№ 4. С. 59-67.
10. Кадыров Ф.Н. О некоторых подходах к анализу финансового положения стационаров // Здравоохранения. 1997. № 12. С 10-11.

## **ИНТЕГРАЦИЯ РЫНОЧНЫХ МЕХАНИЗМОВ В СФЕРУ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ**

А. Меркулова, Г.И. Журухин  
Россия, г. Екатеринбург,

*Российский государственный профессионально-педагогический университет*

Политическая подоплека сверхнизких тарифов на оказание платных услуг населению в трудной жизненной ситуации в условиях низкого уровня пенсий, невысокого уровня доходов большинства населения понятна. Но также должно быть понятно и то, что в стране укрепляется тенденция роста доходов населения, и в том числе пенсионного обеспечения. Растет доля и улучшается структура дохода среднего класса. Социологические исследования свидетельствуют о нарастании